

ОТЗЫВ

**на диссертационную работу PhD докторанта
Калиаждаровой Шынар Идрышевной
«Тенденции развития и становления инновационной модели
Казахстанских телеканалов»,**

**представленную на соискание степени доктора философии (PhD) по
специальности «6D050400 – Журналистика» в диссертационный
совет по группе специальностей «6D050400, 8D03201 -
Журналистика», «6D01011800, 8D01704 - Русский язык и литература»,
«6D020500, 8D02308 - Русская филология», «6D021400, 8D02304 -
Литературоведение», сформированный при Казахском национальном
университете им. аль-Фараби**

1. Актуальность темы исследования

Диссертационное исследование Калиаждаровой Ш.И. посвящено актуальной теме трансформации медийного пространства, которое имеет свойство чутко откликаться на изменения инновационных параметров, лежащих в основе современных массовых коммуникаций.

Современное информационное поле претерпевает качественные изменения с появлением новых информационных технологий, особенно в сфере телевидения. Развитие техногенных подходов к выстраиванию коммуникаций несет в себе кроме положительного развития жанровых характеристик новых медиа проблематику функциональных особенностей современного телевизионного пространства.

В силу своей пластичности медиапространство и его значимые изменения на фоне появления новых, инновационно важных технологий нуждаются в постоянно обновляемых исследованиях, которые бы не только затрагивали кризис телевизионных форматов и их трансформацию, но и проблемы конвергенции с сетевыми медиа и достижениями цифровизации, видоизменения телевизионной продукции и взаимодействия с новым типом аудитории. Кроме того, эти вопросы получают дополнительную актуальность в свете изучения не только глобальных изменений в телеиндустрии, но в контексте региональных и национальных интересов, изученных и раскрытых в работе.

Очень важно, что автор в своем исследовании затрагивает такие аспекты, имеющие большое значение для становления нового типа телевидения, как значимость медиаменеджмента, креативного маркетинга, изменения теле дизайна и новых способов подачи информации. Это подчеркивает актуальность и своевременное появление данного диссертационного исследования.

Практическая составляющая диссертации также представляет

несомненный интерес для дальнейшего развития проблематики вопроса и выполнена с учетом актуальных запросов научного дискурса.

2. Степень обоснованности и достоверности результатов

Методологическая база исследования в полной мере отражает обоснованность подходов выполненной диссертации. Актуальность темы, сформулированная во Введении, изложена четко и обоснованно, определены тенденции, складывающиеся в современной телеиндустрии; обозначены цель и задачи работы, характеризуется методологический инструментарий, осуществляется разбор источников и исследований.

Автор диссертационной работы Шынар Идрышевна тщательно изучила взгляды и выводы современных исследователей, касающиеся художественно-жанровых и технологических особенностей мировой и казахстанской тележурналистики, что позволило ей сделать выводы о необходимости обновления технологического, методологического, творческого инструментария при создании современной телевизионной продукции, отвечающей изменившимся интересам телеаудитории.

Согласно утверждению автора, именно изменение информационной среды повлияло на творческий поиск в тележурналистике, в то же время приведя к новым форматам медиабизнеса. Конкурентная среда, расширившаяся благодаря новым возможностям на национальном рынке и выхода в мировое информационное пространство, дала возможность телеканалам внедрить инновационные системы управления и продвижения, в результате чего телевидение изменило свой облик. Эти процессы исследованы автором в работе не только с точки зрения методологических подходов, теоретического осмысления, но и на основе широкого анализа практического опыта телевидения Казахстана и ведущих мировых телеканалов, что повышает ценность диссертации.

Основные задачи решены: задачи: показано влияние бурного развития науки и техники на телекоммуникационное пространство, его дифференциацию; показаны трансформационные процессы в современной телеиндустрии: проанализирована инфраструктура цифрового вещания, отрасли и услуг интернет-каналов; выявлены творческие и технические особенности новых форматов и инновационных проектов на телевидении; изучены современные положения маркетинговых коммуникаций и менеджмента; выявлены эффективные способы распространения телевизионной продукции в конкурентной среде; определены пути совершенствования телевизионного творчества.

3. Теоретическое и практическое значение

Цель, задачи и предмет диссертационного исследования соответствуют заявленной теме. Формулировка задач содержит пояснения, которые упрощают понимание сущности вопроса. Методологическое обоснование не вызывает возражений.

Теоретическую основу исследования составили научные труды,

посвященные становлению и развитию тележурналистики (М.К. Барманкулов, Н.О. Омашев, К. Турсын), работы по специфике внедрения цифровых технологий и изменению форматов телевидения в новую эпоху (А.А. Бейсенкулов, С.Х. Барлыбаева, В. Третьякова и др.); исследования по жанровому своеобразие и журналистскому мастерству ТВ (К. Кабылгазы, Ж. Абдижадилкызы и др.); исследования, посвященные изучению общественного мнения и интересам современной аудитории (В.Л. Цвик, С.Н. Ильченко и др.).

Научно-исследовательская работа автора осуществлялась на основе полипарадигмального подхода, представляющего собой синтез широкого спектра научных подходов, как традиционных, так и инновационных; внедрении в процесс обучения полученных результатов исследования в виде двух учебных пособий, использования собственного обширного практического опыта тележурналиста.

4. Степень новизны диссертационного исследования

Выносимые на защиту положения сформулированы четко, ясно и не вызывают возражений. Теоретическая часть работы содержит идеи, подчеркивающие новизну и научную ценность диссертационного исследования.

Можно поддержать научно-методические поиски диссертанта и готовы согласиться с утверждением, что «Инновации в телевизионных технологиях привели к изменению жанра и разнообразия телепрограмм. Тележурналистика поднялась на качественно новый уровень. Существенно возросло воздействие новых информационных технологий на общество. Это можно наблюдать в сферах политики, культуры и образования. При этом определено, что тележурналистика является инструментом, который не только показывает и пропагандирует национальные ценности каждого времени и периода, но и способствует формированию новых элементов современной культуры. Бурное развитие Интернета усилило связь телеканалов с аудиторией. Теперь зритель может не только посмотреть продукт, но и изменить его контент, стать автором и ведущим. Социальные сети стали источником информации для тележурналистов. Таким образом, они нашли новые темы, связанные со специальными персонажами, и получили возможность подавать информацию под новым углом. Сегодня телевизионное производство становится основным ядром медиабизнеса. Опираясь на мировой опыт, казахстанские телеканалы внедрили системы аутсорсинга и краудсорсинга. Сильная конкуренция в этой области усилила поиск способов организации, управления, улучшения качества контента и получения прибыли».

Текст работы написан научным языком. Построение текста логичное, четкое и ясное. Калиаждарова Ш.И. смогла при обилии количественных данных интересно и понятно изложить свои мысли, увлекая читателя. Исследованный практический опыт, ярко продемонстрированный на анализе деятельности отечественных и мировых телеканалов, значительно облегчает

понимание тенденций, означенных в основном тексте работы.

5. Недостатки по содержанию и оформлению диссертации

Замечаний по содержанию и оформлению диссертации нет. Структурные элементы диссертации (титульный лист, содержание, определения, обозначения и сокращения, введение, основная часть, заключение, список использованных источников) нареканий не вызывают.

6. Соответствие диссертации требованиям, предъявляемой к научной квалификационной работе

В целом диссертационное исследование Калиаждаровой Ш.И. представляет собой самостоятельную, оригинальную целостную работу, основные выводы которой нашли отражение в 15 научных публикациях, в том числе в рецензируемых журналах и изданиях, индексируемых в базе данных Scopus.

Рассматриваемая диссертация вносит заметный вклад в изучение современного состояния работы телеканалов в свете инновационных подходов и изменений в тележурналистике; типология жанров телепродукции, получившей новые возможности под влиянием информационных технологий, существенно дополняет картину современного телевидения, что было продемонстрировано автором в своем исследовании; изучение аспектов взаимодействия с аудиторией совершенного нового формата позволяет увидеть новые стороны развития тележурналистики; кроме того, использование результатов исследования позволяет внедрить эффективные методики обучения студентов журналистскому мастерству.

7. Рекомендация диссертации к публичной защите

На основе вышеизложенного считаю, что представленная Калиаждаровой Ш.И. диссертация заслуживает положительной оценки и рекомендуется к публичной защите.

Зарубежный научный консультант –
доктор политических наук,
профессор кафедры цифровых медиакоммуникаций
«Высшей школы журналистики и массовых
коммуникаций» СПбГУ

Мельник Г.С.

Личную подпись

ЗАВЕРЯЮ

**ЗАМЕСТИТЕЛЬ НАЧАЛЬНИКА
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВ**

*Мельник
Таша Сергеевна*



ФИО

Краснова Е.П.

22.09.2023

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
PhD докторанты Калиаждарова Шынар Идрышевнаның «6D050400 –
Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми
дәрежесін алу үшін «6D050400, 8D03201 – Журналистика», «6D01011800,
8D01704 - Орыс тілі және әдебиеті», 6D020500, 8D02308 – Орыс
филологиясы, «6D021400, 8D02304 – Әдебиеттану» топтары бойынша
диссертациялық кеңеске ұсынылған «Қазақстан телеарналарының даму
тенденциялары мен инновациялық үлгісінің қалыптасуы» атты ғылыми
диссертациясына**

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Ш.И. Калиаждарованың диссертациялық зерттеуі қазіргі заманғы бұқаралық коммуникацияның инновациялық параметрлерінің өзгеруіне жауап беретін медиакеністіктегі трансформация тақырыбына арналған.

Қазіргі заманғы ақпараттық өріс жаңа ақпараттық технологиялардың келуімен өзгеруде. Соның ішінде телесаланы да қамтыды. Коммуникацияның техногендік тәсілдерін дамыту жаңа медианың жанрлық сипаттамаларының оң дамуынан басқа, қазіргі телекеністіктің функционалдық ерекшеліктерінің проблемаларын тудырады.

Медиакеністіктің құбылмалылығы және жаңа инновациялық маңызды технологиялардың пайда болуы медиакеністік пен ондағы өзгерістер үнемі жаңа зерттеулерді қажет етеді, бұл телеформаттар кризисі мен олардың өзгеруіне ғана емес, сондай-ақ желілік медиамен әрекеттесу, телеөнімдердегі цифрлық бейнеөзгерістер жетістіктері және аудиторияның жаңа түрімен кері байланыс проблемаларына әсер етеді. Бұл мәселелер телеөндірістегі жаһандық өзгерістерді ғана емес, жұмыста зерттелген аймақтық және ұлттық мүдделер контекстінде де өзекті.

Автор зерттеуінде жаңа телевизия түрін қалыптастыруда ерекше маңызы бар медиаменеджмент, креативті маркетинг, теледизайнның өзгеруі секілді аспектілерді қозғаған. Бұл диссертациялық зерттеудің өзектілігін және дер кезінде қозғалып отырғандығын көрсетеді.

Диссертацияның практикалық маңыздылығы мәселені одан әрі дамыту үшін сөзсіз қызығушылық тудырады және ғылыми дискурстың қазіргі қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырылған.

2. Зерттеу нәтижелерінің негізделу деңгейі мен жаңашылдығы

Зерттеудің әдіснамалық базасы орындалған диссертация тәсілдерінің негізділігін толық көрсетеді. Кіріспеде тұжырымдалған тақырыптың өзектілігі нақты және негізделген, қазіргі заманғы телеөндірісте қалыптасқан тенденциялар

анықталған; жұмыстың мақсаты мен міндеттері көрсетілген, әдістемелік құралдар сипатталған, дереккөздер мен зерттеулер талданған.

Диссертациялық жұмыстың авторы Шынар Идрышевна әлемдік және қазақстандық тележурналистиканың көркемдік-жанрлық және технологиялық ерекшеліктеріне қатысты зерттеушілердің көзқарастары мен тұжырымдарын мұқият зерделеп, оған телеаудитория мүдделерінің өзгеруіне жауап беретін заманауи телевизиялық өнімдерді жасау кезінде технологиялық, әдіснамалық, шығармашылық құралдарды жаңарту қажеттілігі туралы қорытынды жасады.

Автордың пайымдауынша, ақпараттық ортаның өзгеруі тележурналистикадағы шығармашылық ізденіске әсер етіп, медиабизнестің жаңа форматтарына туындатты. Ұлттық нарықтағы жаңа мүмкіндіктер мен әлемдік ақпараттық кеңістікке шығу арқылы кеңейген бәсекелестік орта телеарналарға инновациялық басқару және ілгерілеу жүйелерін енгізуге мүмкіндік берді, нәтижесінде телевизия келбеті өзгерді. Бұл процестерді автор жұмыста әдіснамалық тәсілдер, теориялық түсінік тұрғысынан ғана емес, диссертацияның құндылығын арттыратын Қазақстан телевизиясы мен жетекші әлемдік телеарналардың практикалық тәжірибесін талдау негізінде зерттеді.

3. Теориялық және практикалық маңызы

Диссертациялық жұмыстың мақсаты, пәні мен міндеттері зерттеу тақырыбына сай. Тапсырмаларды тұжырымдау сұрақтың мәнін түсінуді жеңілдететін түсініктемелерді қамтиды. Әдістемелік негіздері дұрыс.

Зерттеудің теориялық негізін тележурналистиканың қалыптасуы мен дамуына арналған ғылыми еңбектер (М.К. Барманкулов, Н. О. Омашев, Қ. Тұрсын), жаңа кезеңдегі цифрлық технологияларды енгізу және телеформаттардың өзгеру ерекшеліктеріне арналған зерттеулер (А.А. Бейсенқұлов, С.Х. Барлыбаева, В. Третьякова және т. б.); жанр түрлілігі және ТВ-дағы журналистік шеберлік (К. Қабылғазы, Ж.Әбдіжәділқызы және т. б.); қоғамдық пікір, қазіргі аудиторияның мүдделерін зерттеуген еңбектер (В. Л. Цвик, С. Н. Ильченко және т. б.) құрады.

Автордың ғылыми-зерттеу жұмысы дәстүрлі және инновациялық ғылыми тәсілдердің синтезі саналатын полипарадигмалық тәсіл негізінде жүзеге асырылды; зерттеу нәтижесінде екі оқу құралы жарық көріп, оқу процесіне енгізілді, сонымен қоса докторанттың телесаладағы жеке тәжірибесі де қолданылған.

4. Диссертациялық жұмыстың жаңашылдығы

Қорғауға ұсынылған ережелер нақты тұжырымдалған және қарсылық тудырмайды. Жұмыстың теориялық бөлімінде диссертациялық зерттеудің жаңалығы мен ғылыми құндылығын көрсететін идеялар бар.

Диссертацияның ғылыми-әдістемелік ізденістерін қолдаймыз және «Телевизия технологиясындағы инновациялар телебағдарламалар жанрының өзгеруі мен түрленуіне әкелді. Тележурналистика сапалық жаңа деңгейге көтерілді. Жаңа ақпараттық технологиялардың қоғамға әсері айтарлықтай өсті. Мұны саясат, мәдениет және білім беру салаларында байқауға болады. Сонымен

қатар, тележурналистика әр уақыт пен кезеңнің ұлттық құндылықтарын көрсетіп, насихаттап қана қоймай, қазіргі мәдениеттің жаңа элементтерін қалыптастыруға ықпал ететін құрал екендігі анықталды. Интернеттің қарқынды дамуы телеарналардың аудиториямен байланысын күшейтті. Енді көрермен өнімді көріп қана қоймай, оның мазмұнын өзгерте алады, автор және жүргізуші бола алады. Әлеуметтік медиа тележурналистер үшін ақпарат көзі болды. Осылайша, олар арнайы кейіпкерлерге қатысты жаңа тақырыптарды тауып, ақпаратты жаңа қырынан беретін болды. Бүгінгі таңда телеөндіріс медиабизнестің негізгі өзегіне айналуда. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, қазақстандық телеарналар аутсорсинг және краудсорсинг жүйелерін енгізді. Осы саладағы бәсекелестік ұйымдастырудың, басқарудың, өнім сапасын жақсартудың және пайда табудың жолдарын іздеуді күшейтті» деген тұжырымдамасына қосыламыз.

Жұмыс ғылыми тілде жазылған. Мәтіннің құрылымы өзара байланысты, анық және түсінікті. Калиаждарова Ш.И. мәліметтердің көптігіне қарамастан оқырмандарын тартатындай ойларын қызықты және түсінікті түрде жеткізген. Отандық және әлемдік телеарналар тәжірибесін талдауы зерттеуде көрсетілген тенденцияларды түсінуді жеңілдетеді.

5. Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуіндегі кемшіліктер

Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуіне ескерту жоқ. Зерттеудің құрылымдық элементтері (титул парағы, мазмұны, анықтамалары, белгілері мен қысқартулары, кіріспе, кезігі, қорытынды бөлім, пайдаланылған әдебиеттер тізімі) дұрыс құрылған.

6. Диссертацияның ғылыми біліктілік жұмыс талаптарына сәйкестігі

Ш.И. Калиаждарованың диссертациялық зерттеуі дербес, өзіндік біртұтас жұмыс, оның негізгі тұжырымдары 15 ғылыми мақалада, соның ішінде Scopus мәліметтер базасына енетін рецензияланған журналдар мен басылымдарда жарық көрді.

Қарастырылып отырған диссертация тележурналистикадағы инновациялық тәсілдер мен өзгерістер тұрғысынан телеарналар жұмысының қазіргі жай-күйін зерттеуге елеулі үлес қосады; ақпараттық технологиялардың әсерінен жаңа мүмкіндіктерге ие болған телеөнімдер жанрларының типологиясы автор өзінің зерттеуінде көрсеткен заманауи теледидардың бейнесін айтарлықтай толықтырады; аудиториямен жаңа форматтағы кері байланыс аспектілерін зерттеуі тележурналистиканы жаңа қырынан көрсетеді; сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін пайдалану студенттерді журналистік шеберлікке оқытудың тиімді әдістерін енгізуге мүмкіндік береді.

7. Диссертацияны қорғауға ұсыну

Жоғарыда айтылған негіздерге сүйене отырып, Ш.И. Калиаждарованың диссертациялық жұмысы оң бағаға лайық және диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

Шетелдік ғылыми кеңесші –
саяси ғылымдар докторы,
СпбМУ «Журналистика және бұқаралық
коммуникациялар Жоғары мектебі»
цифрлық медиакоммуникациялар
кафедрасының профессоры

Мельник Г.С.
/қолы бар/

Г. С. Мельниктің жеке қолын

Растаймын

Аты- жөні

Кадр бөлімі бастығының орынбасары

Краснова Е. П.
.....

*/мөр: Ресей Федерациясының Үкіметі. Федералдық мемлекеттік
бюджеттік жоғары оқу орны. «Санкт-Петербург мемлекеттік
университеті» /*

Мен, **Кенжетаева Диана Серикболовна**, ИИН 890416450513, (төл құжат № 037494459, Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Министрлігімен, 02.02.2015 жылы берілген, 01.02.2025 жылға дейін жарамды), бұл құжат түпнұсқалығына сәйкестігін және дұрыс аударғандығына қолымды қойып растаймын.

Қолы: *Кенжетаева Диана Серикболовна*

ИП «TRANSLATION SERVICES PRO»
ЖСН/ИИН 890416450513
Кенжетаева Диана
Аудармашы/Переводчик
Сот: +7 747 580 89 48

қаршаның жиырма үші 2023 жыл, мен **Мусатаева Айгерим Максатовна**, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің берілген №21015147-саны 15 сәуірде 2021 жылы лицензиясының негізінде әрекет жасаушы Алматы қаласы нотариусы аудармашының **Кенжетаева Диана Серикболовна** қолының түпнұсқалығын куәландырамын. Аудармашының жеке басы анықталды, әрекет қабілеттілігі және өкілеттілігі тексерілді.

Тізілімі № 8330 тіркелді



Handwritten signature



Пронумеровано и прошмудрено
Нотариус
Handwritten signature

